

## Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Төрелік алқасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 23 сәуір N 36/1 Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 25 шілдеде N 189 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Күші жойылды деп танылған  
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Арбитраждық алқасын құру туралы" 1996 жылғы 23 сәуірдегі N 36/1 қаулысы (Қазақстан республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 189 тіркелген, 2001 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, 3 том)...

---

Қазақстан Республикасы Бағалы  
қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссиясының 1996 жылғы  
23 көкектегі N 36/1 қаулысымен  
б е к і т і л д і

**Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясының Төрелік алқасы туралы**

## Ереже I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл ереже Қазақ КСР-ы Азаматтық істер жүргізу кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 21-індегі "Бағалы қағаздар мен қор биржасы" туралы Заң күші бар 2227 нөмірлі Жарлығына, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі 1996 жылғы наурыздың 28-індегі 370-нөмірлі ережесіне, 1993 жылғы мамырдың 4-індегі Экономикалық талас-дауларды шешуге арналған аралық сот туралы 356-нөмірлі бірыңғай Ережеге сәйкес жасалды.

1.2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - БҚЖҰК) төрелік алқасы (бұдан әрі - Алқа) өз жұмысын үздіксіз жұмыс істейтін төрелік сот құқығы негізінде жүзеге асырады және құнды қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу мен құнды қағаздар рыногы қатысушыларының арасында пайда болған экономикалық талас-дауларды қарау жолымен қатысушылар құқығын қорғау мақсатында құрылады.

1.3. Алқа өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң нормаларын, БҚЖҰК-ның нормативтік құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Алқа эмитенттердің, акционерлердің және құнды қағаздар рыногы қатысушыларының құнды қағаздар рыногында өз қызметін жүзеге асыру процесінде пайда болған құқықтық қатынастар жөніндегі шаруашылық және азаматтық сот алқаларына қарасты дау-таластарды қарайды.

Алқа құнды қағаздар рыногы субъектілерінің (заңды және жеке тұлғалар) арасында пайда болған дау-таластарды қарауға құқықты.

1.5. Алқаға өтініш жасау тараптардың жазбаша келісімі болған жағдайда (дау-таласты Алқаға тапсыру жөнінде) жүзеге асырылады, онда мыналар көрсетілуі керек:

- 1) тараптардың атауы және олардың тұрған жері;
- 2) дау-таластың мазмұны;
- 3) келісімнің жасалған уақыты мен орны;

4) тараптардың Алқа шығарған шешімді орындайтындығы туралы міндеттемесі.

1.6. Алқаның ұсынылған құрамымен келіспеген жағдайда, тараптар дәлел келтіре отырып, бас тартуға тиісті және БҚЖҰК мамандарының арасынан немесе БҚЖҰК ұсынған басқа адамдардан жаңа төреші сайлауға құқықты.

1.7. Іс қаралып біткенше төрешілерді ауыстыруға рұқсат етілмейді. Егер төрешілердің бірі істің нәтижесіне мүдделі екендігін және келісім жасалған кезде

ол жағдайды білмегендігін дәлелдей алса, тарап одан бас тартуға құқылы.

1.8. Осы Ережеге сәйкес, істің қаралуына келісе отырып, тараптар Алқаның шешімін жедел орындауға міндеттенеді және тиісті сотқа кез келген түрде апелляция немесе шағым жасау құқығынан бас тартады.

## **II. АЛҚАНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ**

2.1. Алқаның төрешілерін олардың жазбаша түрдегі келісімдері болған жағдайда БҚЖҰК Төрағасы тағайындайды.

2.2. Алқаның төрешілері өз отырысында Алқаның Төрағасы мен хатшысын с а й л а й д ы .

2.3. Төраға істі тыңдауға тағайындайды және баяндау үшін оларды Алқа төрешілерінің арасына бөліп береді.

2.4. Алқаның хатшысы шешімдердің жобасын жасайды және іс-қағаздарын жүргізеді.

## **III. АЛҚАҒА ӨТІНІШ ЖАСАУ ТӘРТІБІ, ТҮРІ және МАЗМҰНЫ**

3.1. Дау-таласты Алқада қарауға ұсыныс алған тарап оны алған күннен бастап он күн мерзім ішінде осы ұсынысқа өзінің келісетіндігі немесе одан бас тартатындығы туралы жазбаша жауап беруге тиісті. Жауап келмесе, ұсыныстан б а с т а р т т ы д е п с а н а л а д ы .

3.2. Дау-таласты Алқада қарау туралы келісімге қол жеткен жағдайда, істің төрелік жолмен қаралуы туралы мәселе көтерген тарап Алқаға өтініш жіберіп, о н д а :

- талап қою өтінішінің күні мен нөмірі;
- тараптардың атауы, олардың пошталық мекен-жайы мен банктік р е к в и з и т т е р і ;
- талаптың бағасы, егер талап бағалануға жататын болса;
- талап өтінішіне қойылатын талап;
- талап қоюға негіз болған жағдайлар және оларды растайтын дәлелдер, талаптың дәлелденген есебі, құқық бұзылғандығын растайтын құқықтық н о р м а л а р ;
- талап қою өтінішіне қосып берілген құжаттардың тізімі көрсетіледі.

3.3. Талап қою өтінішіне төмендегілерді растайтын құжаттар тіркеледі:

- дау-таласты Алқаға өткізу туралы тараптар келісімдері;
- т а л а п қ о ю ө т і н і ш і ;
- талап қою өтініші көшірмесінің төрелік қарау қатысушыларына жіберілгендігінің а й ға ғы ;
- тиісті үлгіде ресімделіп, өкілдерге берілген сенімхат беріледі.

3.4. Талап қою өтінішін Алқаның алған күні төрелік қараудың басталған күні  
д е п с а н а л а д ы .

3.5. Талаптың белгіленген тәртіппен Алқаға тапсырылуы оның қаралу мерзімі  
ағымын тоқтатады.

#### IV. АЛҚАНЫҢ ДАУ-ТАЛАСТАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

4.1. Дау-талас Алқаның тұрған жерінде немесе Алқаның іс мүддесіне қарай  
даудың қаралуы қолайлы деп тапқан басқа жерінде бір ай мерзімде қаралады.

Қажет болған жағдайда Алқа істің қаралу мерзімін ұзартуға құқықты, бірақ  
о л б і р а й д а н а с п а у ы к е р е к .

4.2. Талап қою өтінішін қабылдай отырып, Алқа іс бойынша жұмыстың  
жүргізілетіндігі туралы, оның қаралатын күні, сағаты және орны туралы  
т а р а п т а р ғ а х а б а р л а й д ы .

4.3. Дау-талас қаралған уақытта тараптардың әр қайсы тең құқықтарды  
пайдаланады. Дау-талас бойынша шешім қабылданғанға дейін өтініш иесі өз  
өтінішін кері қайтарып алуға, талаптардың сомасын өзгертуге, тиісті татуласу  
келісімімен б і т і р у г е құқықты.

4.4. Отырыс тараптардың біреуінің қалауы бойынша жабылуы мүмкін.

4.5. Төрелік қарау тараптар белгілеген тілде жүргізіледі.

4.6. Қажет болған жағдайда Алқа сарапшы жеке кеңесшілер шақыруға,  
сондай-ақ дау-таласты толық және жан-жақты қарау үшін қажетті қосымша  
материалдар т а л а п е т у г е құқылы.

4.7. Іс бойынша шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

4.8. Алқа отырысы істі қарауға кем дегенде үш адам қатысқанда заңды  
б о л а д ы .

4.9. Алқаның шешімі жазбаша түрде баяндалып, онда:

- ш е ш і м қ а б ы л д а н ғ а н к ү н ;
- А л қ а н ы ң қ ұ р а м ы ;
- дау-таластың қаралған орны мен уақыты;
- дау-таластың қатысушыларының құрамы, олардың өкілдерінің фамилиясы  
м е н л а у а з ы м ы ;

- дау-таластың мәні, істі қарауға қатысатын адамдардың өтініші мен  
т ү с і н і к т е м е с і ;

- Алқа белгілеген істің жағдайлары, шешімнің қандай негізде  
қабылданғанының дәлелдері, шешім қабылдаған кезде Алқа басшылыққа алған  
з а ң д а р ;

- қабылданған шешімнің мазмұны, істің қаралуына байланысты шыққан  
ш ы ғ ы н д а р д ы б ө л у ;

- қабылданған шешімнің орындалу мерзімі мен тәртібі көрсетілуі  
т и і с .

4.10. Шешімге барлық төреші қол қояды, төрешінің біреуі шығарылған шешіммен келіспеген жағдайда, оның ерекше пікірі шешімге қоса тіркеледі.

4.11. Шешім Алқаның отырысына жарияланады және шешімнің көшірмесі бес күн мерзімде тараптарға жіберіледі.

4.12. Тараптардың біреуі алқа отырысында дәлелсіз себептермен келмей қалған жағдайда, дау-талас істің мәні бойынша қаралады, алқашешімі оған хабарланған болып саналады.

4.13. Алқа қараған істер архивте сақталады.

4.14. Алқа өз қалауы бойынша талап қоюшыларға дау-таласты шешім беруден бас тартуға құқықты, егер оны қарауға кедергі келтіретін жағдайлар болса немесе дау-таластар тағы да сол тараптардың арасында, тағы да сол негіздер бойынша Алқада немесе сотта бұрын қаралуына себеп болған болса.

## **V. АЛҚА ШЕШІМІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ**

5.1. Алқа шешімі онда белгіленген тәртіппен және мерзімде ерікті түрде орындалады. Егер шешімде орындалу мерзімі белгіленбеген болса, ол тез арада орындалуы керек.

5.2. Жауапкер шешімді Алқа белгілеген мерзімде орындамаған жағдайда, талапкер шешімді еріктен тыс орындатуға бұйрық беру туралы тиісті соттың шаруашылық алқасына немесе шешімді орындату жайлы сот орындаушысына өтінішпен шағымдауға құқықты.

5.3. Өтініш Алқа шешімін орындау мерзімі біткен күннен бастап бір ай ішінде беріледі.

5.4. Егер Алқа шешімін еріктен тыс орындатуға бұйрық беру туралы өтінішті қарау кезінде шешімнің қолданылып жүрген заңдарға сәйкес еместігі анықталса, сот істі шешім қабылдаған Алқаға жаңадан қарауға қайтарады.

5.5. Істі сол Алқада қарауға мүмкін болмаған жағдайда, сотта қарауға жатады деп белгіленуіне байланысты талап өтініші сотқа тапсырылады.

## **IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1. Төрелік талқылауға қатысқан және осы Ереже талаптарының бұзылғандығына жедел түрде қарсылық білдірмеген тарап, өзінің қарсылық білдіру құқығынан бас тартты деп саналады.

6.2. Алқа ешкімге тәуелді емес және тек заңға бағынады. Алқа шешімі жайлы шағым беруге жатпайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК